



# ДІНДАР АДАМДАРДЫ ҚОРҒАУ



Қазақстанда дәстүрлі болып саналмайтын діндерді ұстанушылар мемлекеттік органдар тарапынан әлі де қысым көріп келе жатыр. Бұған қоса, жүргізілген әкімшілік істер немесе қозғалған қылмыстық істер саны тек арта беруде. Христиан қоғамы үшін – бұл, көбінесе, мемлекетпен рұқсат етілмеген ғибадат орындарына баруда, тіркелмеген бірлестіктердің қызметіне қатысуда және заңсыз миссионерлік қызметпен айналысуда айыптаулар. Әдетте, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 490-бабы (ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу), ӘҚТК 489-бабы (Тіркелмеген қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне қатысу және олардың қызметін қаржыландыру), ӘҚТК 453-бабы (Масс-медиа өнімін, сол сияқты діни алауыздықты үгіттеуге немесе насихаттауға бағытталған өзге де өнімді ҚР аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату) қолданылады. Бұл айыппұлдарға, кейде әкімшілік жолмен қамау алуға алып келеді. Діндар мұсылмандарды айыптаулар, көбінесе, қылмыстық қудалау тұрғысынан туындайды: оларға экстремистік ұйымның қызметіне қатысты (ҚР ҚК 405-бабы), лаңкестік әрекетке насихаттады (ҚР ҚК 256-бабы) немесе діни алауыздықты қоздырды (ҚР ҚК 174-бабы) деген айыптар тағылуы мүмкін, кейде бұған ұқсас істер негізсіз немесе күмәнді сараптамалар негізінде дәлелсіз қозғалады.

Сонымен қатар, барлық діндар адамдарға, ұстанатын дініне қарамастан, діни материалдарды Интернетте рұқсатсыз орналастырды, діни пәндерді немесе материалдарды тегін, рұқсатсыз ұсынды немесе сатты не болмаса діни материалдарды арнайы белгіленген орындардан тыс сатты деген айыптарды тағуы мүмкін (сондай-ақ, ӘҚТК 490-бабымен және кейде ӘҚТК 453-

бабымен реттеледі).

**Forum 18 ар-ұждан бостандығы құқығы саласындағы Норвегиялық құқық қорғау ұйымының деректеріне сай, 2023 жылы Қазақстанда дінге қатысты 253 әкімшілік істерге бастамашылық етілді, олардың ішінде тек бір жағдайда ғана жауапқа тартылған адам жазадан құтылды.**



Аалайда, егер сіз мемлекеттік органдар тарапынан қандай да бір қудалау түріне ұшырасаңыз да, бұл қол қусырып отыруға себеп емес. Жаратушының көмегіне қоса, ар-ұждан бостандығы құқығын қорғауға арналған құралдарды **ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ**, тіпті **ҚОЛДАНУ КЕРЕК**.

Мемлекеттің халықаралық сынға өте сезімтал екенін түсінген жөн, себебі бұл мемлекеттің беделіне және ақыр аяғында инвестициялық жағдайына әсер етеді. Сондықтан, ел ішінде көмекке қол жеткізе алмаған соң, ар-ұждан бостандығы құқығын қорғау бойынша мамандандырылған халықаралық ұйымдарға жүгінген жөн. Не болмаса әрбір нақты жағдайға байланысты ел ішінде де, мемлекеттен тыс да қатар көмек алуға болады.

Сөйтіп, егер сіз әкімшілік немесе қылмыстық қудалауға заңсыз ұшырадым деп санасаңыз, немесе сіздің діни құқығыңыз мемлекеттің қатысуымен басқа бір жолмен бұзылған болса (мысалы, құдайға құлшылығыңыз бұзылса, сізді «профилактикалық әңгімелесу» үшін

полиция бөліміне шақырса, сіз жайлы құпия ақпаратты теріс сипатта таратса), сіз қазақстандық құқық қорғаушыларға көмек сұрап жүгіне аласыз.

Мұндай ұйымдардың ең біріншісі - Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы. Бюро діндар адамдардың құқығын қорғау бағытында қызмет етеді, оның бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан және бүкіл ел бойынша 10 филиалы бар.

*Бүкіл байланыс ақпараты келесі сілтеме бойынша ұйымның сайтында берілген: <https://bureau.kz/nashi-kontakty>, не болмаса төменде қысқаша ақпарат ұсынылған:*

**Алматы қаласындағы бас кеңсесі:** Абылай хан даң., 103 үй, 411 кеңсе, Svetlana.Khizhnichenko@gmail.com

**АҚҚХБ Астанадағы филиалы**

Тел. 8 708 425 33 83, capital.kibhr@gmail.com

**Ақтөбедегі филиалы**

8 (7132) 573-353, aktobe.kibhr@gmail.com

**Шығыс Қазақстандағы филиалы**

8 (7232) 248-831, oskemen.kibhr@gmail.com

**Батыс Қазақстандағы филиалы**

8 (7112) 508-929, uralsk.kibhr@gmail.com.

**Қарағандыдағы филиалы**

8 (7212) 424-086, ygussakov@gmail.com

### **Қостанайдағы филиалы**

8 (7142) 574-043, kostanai2.kibhr@gmail.com

### **Маңғыстаудағы филиалы**

8 (7292) 545-168, aktau.kibhr@gmail.com

### **Атыраудағы филиалы**

Тел. 8 (7122) 25 08 82, kibhr.atyrau@gmail.com

### **Павлодардағы филиалы**

8 (7182) 321-767, kibhr.pavlodar@gmail.com

### **АҚҚХБ Шымкенттегі филиалы**

8 (7252) 539-693, shymkent.kibhr@gmail.com

Өз құқығыңыздың бұзылу фактісі туралы ақпаратты ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (Омбудсман) кеңсесіне қосымша ақпарат жіберсеңіз артық болмайды. Өтінішті мына сайтта беруге болады:

**[www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman?lang=ru](http://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman?lang=ru)**

Қазіргі уақытта Қазақстанның өңірлерінде Уәкілдің өкілдері бар, олардың байланыс деректерін келесі сайттан алуға болады:

**[www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/about/structure/448/1?lang=ru](http://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/about/structure/448/1?lang=ru)**

*Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесі Париж қағидалары (адам құқықтарын көтермелеумен және қорғаумен айналысатын ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты) талап ететіндей, толықтай тәуелсіз орган болып табылмайтынын және өзінің өкілеттіктерінде шектелген екенін ескеріңіз.*

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕР**

Оң нәтижелер болмаған кезде қазақстандық құқық қорғау құрылымдарына берілген өтініштермен қатар БҰҰ шартты құқық қорғау ұйымдарына да өтініштер берген жөн (ағылшын тілінде берген жөн, себебі ол сіздің өтінішіңіздің жылдам қаралуына себеп болады).

### ***БҰҰ арнайы баяндамашылары***

Арнайы баяндамашылар хабарлама алғаннан кейін, егер онда шаралар қолдану үшін нақты себептер болса, мемлекетпен байланыс құру рәсімін бастайды, яғни олар мемлекеттен жол берілген бұзушылықтар кезіндегі уәждемесін түсіндіретін жауап алуы керек. Арнайы баяндамашының мандаты жеке хабарлама бойынша шешім шығаруға жол бермейді, алайда арнайы баяндамашылар тәуелсіз сарапшылар ретінде шешім (ой-пікір) шығаратын Жұмыс топтарының құрамына кіруі мүмкін. Сондай-ақ, арнайы баяндамашы мәлімдемелер жасап, ұсыныстар беруге өкілетті болады. Алайда, берілген іске БҰҰ құрылымы қатысатыны туралы фактінің өзі үкіметтің қабылданған шешімнің күшін жоюына немесе қудалауды тоқтатуына алып келуі мүмкін.

Төменде арнайы баяндамашылардың тізімі берілген. Оларға ар-ұждан бостандығы құқығының бұзылуы туралы ақпарат беруге болады:

БҰҰ дін және сенім бостандығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы

### **Байланыс ақпараты**

Mr. Ahmed Shaheed, Special Rapporteur on freedom of religion or belief

Факс: (+41) 22 917 90 06

Эл. пошта: [hrc-sr-freedomofreligion@un.org](mailto:hrc-sr-freedomofreligion@un.org)

[www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-religion-or-belief](http://www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-religion-or-belief)

БҰҰ аз ұлттар мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы (егер құқық бұзушылық діни азшылыққа қатысы бар қауым мүшесіне немесе қауымға байланысты орын алса).

**Байланыс ақпараты**

Prof. Fernand de Varennes, Special Rapporteur on minority issues

Факс: (+ 41) 22 917 9006

Эл. пошта: [hrc-sr-minorityissues@un.org](mailto:hrc-sr-minorityissues@un.org)

[www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-minority-issues](http://www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-minority-issues)

БҰҰ бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығына құқық мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы (егер құқық бұзушылық діни қауымның немесе бірлестіктің қызметіне қатысты болса)

**Байланыс ақпараты**

Mr. Clément Nyaletsossi Voule, Special Rapporteur on the rights to freedom of peaceful assembly and of association

Факс: + 41 22 917 9006

Эл.пошта: [hrc-sr-freeassembly@un.org](mailto:hrc-sr-freeassembly@un.org)

[www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-freedom-of-assembly-and-association](http://www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-freedom-of-assembly-and-association)

БҰҰ ой-пікір бостандығы және оларды еркін білдіру мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы (егер құқық бұзушылық Сіздің діни көзқарасыңызды білдіруге байланысты болса)

**Байланыс ақпараты**

Ms. Irene Khan, Special Rapporteur on the promotion and protection of the right to freedom of opinion and expression



Факс: +41 22 917 9006

Эл.пошта: [hrc-sr-freedex@un.org](mailto:hrc-sr-freedex@un.org)

[www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-freedom-of-opinion-and-expression](http://www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-freedom-of-opinion-and-expression)

БҰҰ терроризмге қарсы күрес жағдайында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашысы

### **Байланыс ақпараты**

Mr. Ben Saul, Special Rapporteur on the promotion and protection of human rights while countering terrorism

Эл.пошта: [hrc-sr-ct@un.org](mailto:hrc-sr-ct@un.org)

[www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-terrorism](http://www.ohchr.org/ru/special-procedures/sr-terrorism)

### ***БҰҰ комитеттері және БҰҰ Жұмыс топтары***

БҰҰ комитеттері және БҰҰ Жұмыс топтары жеке шағымдар/кейстар бойынша шешімдер (ой-пікірлер) шығара алады. Алайда, егер мемлекет шешімді орындамаса, БҰҰ шартты ұйымдары мемлекетті орындауға мәжбүрлей алмайды. Яғни мемлекет өзін Біріккен Ұлттар ұйымының шешімдері мен өз шартты міндеттемелерін орындамайтын, адам құқықтарын бұзушы түрінде көрсеткісі келмейтінін ескеру керек.

**Азаптауға қарсы комитет** (сондай-ақ, қатыгез іс-әрекет терге және психологиялық қысымдарға әрекет етеді)

Эл.пошта: [hrc-sr-torture@un.org](mailto:hrc-sr-torture@un.org)

Эл.пошта: (өтініштер / петициялар үшін) [ohchr-petitions@un.org](mailto:ohchr-petitions@un.org)

**Адам құқықтары жөніндегі комитет** (өтініш беру үшін барлық ішкі қорғау рәсімдерінен, тіпті Жоғарғы соттан

ету керек).

Эл.пошта: [ohchr-petitions@un.org](mailto:ohchr-petitions@un.org) (өтініштер / петициялар үшін)

## ***!Жеке шағымдарды қарау бес жылға дейін созылуы мүмкін***

**БҰҰ Еркінен тыс қамаулар бойынша Жұмыс тобы** (егер қамау, тұтқынға алу немесе бас бостандығынан айыру діни қызметке қатысты болса)

Эл. пошта: [hrc-wg-ad@un.org](mailto:hrc-wg-ad@un.org)

Тез арада әрекет ету қажет болған кезде Жұмыс тобында жедел жауап беру рәсімі қамтылған.

Эл.пошта: [ohchr-ced-ua@un.org](mailto:ohchr-ced-ua@un.org)

*! Жеке шағымдарды БҰҰ құқық қорғау ұйымдарына жалпы тәртіпте онлайн беруге болады, алайда бұл рәсім біршама күрделі және онлайн-нысан әрдайым дұрыс істей бермеуі мүмкін.*

Онлайн нысан

**<https://www.ohchr.org/en/hr-bodies/hrc/complaint-procedure/hrc-complaint-procedure-index>**

Бұған қоса, БҰҰ басқа шартты ұйымдарының жедел әрекет етуі қажет болған кезде, теориялық тұрғыдан еркін нысанда келесі мекенжай бойынша өтініш білдіруге болады (ағылшын тілінде жазған абзал): [urgent-action@ohchr.org](mailto:urgent-action@ohchr.org). Алайда, іс жүзінде бұл мекенжай әрқашан жұмыс істей бермейді және Комитеттер мен Жұмыс тобы қызметкерлерінің мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан жедел байланысып, әрекет ету қиынға түсуі мүмкін.



**Қазақстанда «Иегова куәгерлері» атты христиандық діни ұйымы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне діни сенім және қауымдастық бостандығы құқығының бұзылуы туралы алты жеке шағымдарды (хабарламаларды) жіберді.**

**Олардың біреуі бойынша «Иегова куәгерлері» қауымдастығының пайдасына шешім шығарылды (мемлекет оны орындамады), ал қалғандары қаралу үстінде. Сонымен қатар, бір хабарлама БҰҰ еркінен тыс қамау бойынша Жұмыс тобына жіберілген болатын. Шешім «Иегова куәгерлерінің» пайдасына қабылданған еді, алайда мемлекет шығарылған шешімді ресми түрде орындамады, ал діни бірлестіктің сотталған мүшесі ҚР президентімен «рақым етіліп», бостандыққа шығарылды.**

## **БАСҚА ДА МҮМКІНДІКТЕР**

Ақпараттық қолдаудың әсері, көп жағдайларда, жедел әсер ету құралдары бола бермейтін құқықтық тетіктерге қарағанда тиімдірек болады. Мұндай жағдайда діндар адамдардың құқықтарын қорғау саласында маманданған және бұқаралық ақпарат құралдарында мүмкіндіктері жоғары шетелдік құқық қорғау ұйымдарының көмегіне жүгінуге болады.

Forum 18 Норвегиялық құқық қорғау ұйымы ([www.forum18.org](http://www.forum18.org)) халықаралық авторлардың толық сенімінен өткен ақпаратты орналастырады. Forum 18 ұсынған ақпарат мемлекеттік және халықаралық комиссиялардың баяндамаларында қамтылған.

Келесі мекенжай бойынша хабарласу керек (орыс тілінде жазсаңыз болады): [f18news@editor.forum18.org](mailto:f18news@editor.forum18.org)

Stefanus Alliance International ([www.stefanus.no](http://www.stefanus.no)) - діндар адамдарды қорғайтын тағы бір Норвегиялық құқық қорғау ұйымы. Бұл ұйым, бәріне қоса, өз діни сенімі үшін айыпталған адамдарға адвокаттық көмек көрсете алады.

Келесі эл.пошта арқылы хабарласу керек:  
[ecb@stefanus.no](mailto:ecb@stefanus.no)

Open Doors International ([www.opendoors.org](http://www.opendoors.org)) - Нидерландыда орналасқан ұйым, өз елінде қудалауға ұшыраған христиан дін өкілдеріне көмектеседі. Бұл ұйым Ақ үй, Ұлыбританияның парламенті, БҰҰ сияқты әртүрлі жерлерде бұзушылықтарды жария ете алады. Олар, сондай-ақ жағдайдың ауырлығына қарай тәжірибелік көмек те көрсете алады.

Нидерландыдағы бөлімшеге келесі эл.пошта арқылы хабарласуға болады: [info@opendoors.nl](mailto:info@opendoors.nl)

Emergency Assistance Program (<https://freedomhouse.org/programs/emergency-assistance-and-thematic-programs>) – қудалауға ұшыраған белсенділерге, сондай-ақ діндар адамдарға көмек көрсету бағдарламасы, Freedom House ірі құқық қорғау ұйымының негізінде әрекет етеді (штаб-пәтері АҚШ орналасқан). Бағдарлама қудалауға байланысты төтенше жағдайларда біршама материалдық қолдау көрсетеді.

Келесі эл.пошта арқылы хабарласу керек:  
[info@csolifeline.org](mailto:info@csolifeline.org)

Alliance Defending Freedom (<https://adflegal.org>)  
- діни азшылық топтарға (оның ішінде құдайға сенбейтін - атеистерге де) көмек көрсететін АҚШ-тағы ірі ұйым. Эдвакаси түрінде не болмаса құқықтық қорғау түрінде көмек көрсетілуі мүмкін.

Құқықтық көмек көрсету өтінішімен ағылшын тілінде үлгіні толтырып, онлайн хабарласуға болады:  
<https://adfinternational.org/legal-help>



Осы жарияланымды **Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы Стефанус атындағы халықаралық альянстың (Stefanus Alliance International)** қаржылық қолдауымен жүзеге асатын «Қазақстанда Дін негізінде қудалауға және кемсітушілікке қарсы күрес» жобасы шеңберінде дайындады.

Берілген жарияланымның мазмұны үшін Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы жауапкершілік алады және ол Stefanus Alliance International көзқарасын білдірмейді.



